

Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 32 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 наурызда № 5295 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1) 2015 жылғы 1 қазандағы № 351 "Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4560 тіркелген, 2015 жылғы 24 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған);

2) 2016 жылғы 19 ақпандағы № 67 "Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 351 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4822 тіркелген, 2016 жылғы 8-9 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

2. "Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қ.Ә.Бекеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев